

СҰРАҚ КІТАПШАСЫ

I БӨЛІМ

Аты-жөні _____

Қала(Облыс) _____

Аудан _____

Мектеп _____ Сынып _____

Талапкердің қолы _____

ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫ

2018

ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫ

1-Нұсқа

Нұсқау: Оқу сауаттылығы бойынша 4 мәтін және олардың мазмұны бойынша құрастырылған бір дұрыс жауапты тест тапсырмалары беріледі. Мәтінді мұқият оқып, мәтінге берілген тапсырмаларға дұрыс жауап беріңіз. Таңдаған жауапты жауап парағындағы сәйкес орынға, дөңгелекшені толық бояу арқылы белгілеу қажет.

1-мәтін

Осы күнгі құстардың ең ірісі және ең жүйрігі – түйеқұс. Оның биіктігі екі жарым метр, салмағы отыз алты килограмға дейін жетеді. Мойны мен басы мамықсыз болады. Аяғы екі саусақты, қанаты нашар жетілген. Қоразының түсі қара, оның қанат, құйрық қауырсындары ақшыл. Мекиенінің түсі қоңыр болып келеді.

Түйеқұстар топтанып жүреді, олар құмды даланы мекендейді. Түйеқұстар өсімдіктің ұрығын, жемісін, ұсақ жәндіктерді жейді.

Түйеқұстың жүйріктігі сонша, ол ит, түлкі, қояндардан озып кетеді. Оның бір айлық балапанының өзі сағатына елу километр жылдамдықпен жүгіреді.

Түйеқұстың етін жейді. Ал қанат, қауырсындары әсемдікке пайдаланылады.

1. Түйеқұстың басқа құстардан ерекшелігі

- A) Қауырсындары ақшыл
- B) Мамығы пайдалы
- C) Еті пайдалы
- D) Ең жүйрігі
- E) Түсі қара

2. Түйеқұс қандай жерді мекендейді?

- A) Құмды даланы
- B) Орманды алқапты
- C) Егінді даланы
- D) Өзен жағасын
- E) Тоғай ішін

2-мәтін

Бір кездері аттарын ғана анда-санда бір еститін көптеген жемістер бұл уақытта көше-көшеде, тіпті аяқ асты дейтіндей жерлерде де сатылатын болды. Сондай көп сатылатын жемістің бірі банан екенін көріп жүрміз. Дәрігерлердің айтуынша, бұл жемістің де пайдалы шипалық қасиеттері көп көрінеді. Ол әсіресе сусамыр (қант диабеті) ауруына шалдыққандарға өте пайдалы делінеді. Мұндайда піскен жемістің өзімен бірге піспегендері де, банан қабығының қайнатылған тұнбасы да шипалы болып шығады. Атеросклероз, гипертония ауруларына, бауыр мен бүйректің бірқатар ауруларына бұл жемістің шипалық әсері болатыны анықталды.

Бананда А, В, РР және Е дәрумендері мол болғандықтан оның бас ауруларына, терінің күпсуіне қарсы шипасы бар, көздің көру қасиетіне игі ықпалы мол, қандағы холестерин мөлшерін азайтады, қалқанша бездің қызметін дұрыстайды. Бананның

жаңа піскен мәуесі ана сүтін молайтумен қоса, ағзаның қартаю процесін баяулатады.

3. Бананның адам ағзасына әсері

- A) Көздің көру қасиетін баяулатады
- B) Қартаю процесін тежейді
- C) Холестерин мөлшерін арттырады
- D) Қартаю процесін ұлғайтады
- E) Қанды қоюлатады

4. Мәтінге қай тұжырым сай келеді?

- 1. Бананның емдік қасиеті көп.
- 2. Бананды жегеннен ана сүті молаяды.

- A) Біріншісі бұрыс
- B) Екеуі де бұрыс
- C) Екіншісі дұрыс
- D) Екеуі де дұрыс
- E) Біріншісі дұрыс

5. Банан қандай ауруларға пайдалы?

- A) Талма дерті
- B) Жүрек ауруы
- C) Қант диабеті
- D) Жүйке ауруы
- E) Остеохондроз

6. Мәтіннің тақырыбы қандай?

- A) Көп жемістердің пайдасы
- B) Дәрумендердің тарихы
- C) Жемістердің зияны
- D) Шипагерлік қасиеттер
- E) Бананның қасиеті